

Келісілді :
Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрайымы
З.Ж.Сүлейменова



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МҚКК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова
«19» тамыз 2025ж



Педагогикалық кеңес

Мақсаты: «Тәрбие - оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

№	Уақыты	Мазмұны	Жауаптылар
1	Тамыз	Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылындағы тәрбие мен оқытудың басым бағыттары» Күн тәртібі: 1. Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру 2. 2025-2026 оқу жылындағы оқу – тәрбие процесінің негізгі бағыттары мен міндеттері. Жылдық жоспар жобасын бекіту және мазмұнына шолу 3. Балалардың бастапқы даму деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмысты ұйымдастыру 4. Балабақшаның аттестаттау комиссиясының құрамын, жоспарын және ұйымдастырушы топ мүшелерін бекіту 5. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы 6. Ағымдағы мәселелер:	Меңгеруші Курманова Ж.А. әдіскер Сарсенова Г.С. әдіскер Жариева Ж.А. Меңгеруші Курманова Ж.А. топ тәрбиешілері меңгеруші Курманова Ж.А.

**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бойынша
педагогикалық кеңестің**

№ 1 хаттамасы

29.08.2025 ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылындағы тәрбие мен оқытудың басым бағыттары»

Мақсаты: «Тәрбие-оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

Жалпы педагог саны-35

Жиналысқа қатысушылар саны-32

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру.
2. 2025-2026 оқу жылындағы оқу –тәрбие процесінің негізгі бағыттары мен міндеттері. Жылдық жоспар жобасын бекіту және мазмұнын шолу.
3. Балалардың бастапқы даму деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмысты ұйымдастыру.
4. Балабақшаның аттестаттау комиссиясының, ұйымдастырушы топ мүшелерін бекіту.
5. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы
6. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі Ж.А Курманова сөз алды. Меңгеруші педагогикалық кеңестің құрамын анықтап, педагогикалық кеңес отырысының жүргізілу регламентін бекітіп, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерге тоқталып, таныстырып отіп, педагогикалық кеңес отырысын ашық деп жариялады. Меңгеруші балабақша педагогтарын жаңа оқу жылының «Білім күні» мерекесімен құттықтап, жаңа оқу жылының жетістіктері мен жүлдегерлері балабақша меңгерішісі: Ж.А.Курманова "Білім келешегі: Адал азамат, кәсіби маман" "Адал азамат: тәрбие экожүйесі және мектеп -отбасы - қоғам синергиясы" Облыстық тамыз Конференциясы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтеріне арналған "Адал азамат тәрбиелеу: білім және тәжірибе ықпалы" панельдік секциясы отырысында өз іс- тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хатымен және де әдіскер: Г.С.Сарсенова және тәрбиеші: А.Т.Абдыкова "Ақтобе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі"ММ. "Білім келешегі: Адал азамат және кәсіби маман" "Адал азамат: тәрбие экожүйесі және мектеп -отбасы - қоғам синергиясы" тақырыбындағы аудандық панельдік секция отырысында өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хатымен және де тәрбиеші: К.Ш.Сарсенова Қазақстандық оқу ағарту ғылым және

жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы атынан Құрмет грамотасымен марапатталды.

Балабақшамыздың жаңа оқу жылына педагогикалық кеңес отырысының құрамы мен хатшы сайлауды ұсыныс білдіріп, педагогтер бір ауыздан педагогикалық кеңес отырысының хатшысын сайлауға белсенділік білдіріп тәрбиеші: И.М.Таухабеева болып сайланды.

«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие-оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру» тақырыбында 2025-2026 оқу жылының тақырыбына сәйкес бағытталып, «Тәрбие-оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру» мақсатында белсенді тәрбие мен білім беруге жету. Балабақшамыздың үлгілік бағдарламаға сәйкес мақсат, міндеттері бекітілді:

1. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына, функционалдық сауаттылығының қалыптасуына, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды бойына сіңіруіне бағытталған сапалы мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру.

– Жаңа үлгідегі білім беру бағдарламаларын енгізу (ойын арқылы оқыту, зерттеу әдістері, цифрлық технологияларды қолдану)

- Инновациялық білім беру технологияларын қолдану (EdTech, интерактивті тақта, мультимедиялық контент)

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында адалдық құндылықтарын насихаттау шараларын ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы ұрпақты тәрбиелеу.

2. МДҰ-ның тәрбиелеу – білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

– Жобалау іс-әрекетіне балалардың қызығушылығын қалыптастыру.

– Жобалау іс-әрекетін оқу – тәрбие үрдісіне енгізу.

– Іс-тәжірибе жасау арқылы балалардың танымдылық белсенділігін дамыту.

I педагогикалық кеңес отырысының мәселелері бойынша балабақша меңгерушісі :

Ж.А. Курманова сөз алып, Педагогикалық кеңес отырысының мәселелерінің бірі педагогикалық ұжымға 2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне жіті тоқталды.

1. Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне¹ (бұдан әрі – Тұжырымдама), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде (бұдан әрі – МДТО) жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

- МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- Оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;
- «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;
- Ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;

2. Тәрбиелеу –білім беру процесін реттейтін нормативтік –құқықтық актілерін сайт арқылы қолдану ұсынылды.

3. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Балалар үшін қауіпсіз, жайлы және дамытушы білім беру ортасын құру – басты міндет.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) 2 сәйкес МДҰ-ның негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
 - тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
 - басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
 - алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
 - баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

1) мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша,

- мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау бойынша,

- серуен кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдарды;

2) «Тәрбиелеу-білім беру процесінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» нұсқаулығын;

3) «Орт кезінде өзін қалай ұстау керек»,

- «Балақай, су тасқынына дайын бол!»,

- «Жер сілкінісі кезінде өзінді қалай ұстау керек» балаларға арналған кітапшаларды;

4) «Ойын кезіндегі қауіпсіздік»,

- «Қысқы қауіп-қатерлерден сақтану қауіпсіздік ережесі»,

- «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жанжақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады. Бағдарламалық сәйкестік. Жас ерекшелігіне сай болу. Қолжетімділік. Эмоционалды жайлылық. Бірге әрекет етуге жағдай жасау. Әрекет пен белсенділікке мүмкіндік. Әрекет түрлерінің вариативтілігі.

Көпфункционалдылық. Өзгермелілік болып келеді.

Топ бөлмелерінде мынадай қызығушылық орталықтарын құруға болады:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рольдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- оңаша ойнауына орын;
- кітап бұрышы;
- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;
- мамандықтар және т.б.

4. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру:

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);

1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

перспективалық жоспарға;

циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру.

Мақсаты: Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарын педагогикалық сүйемелдеу және тәрбиелеу процесіне тарту.

Кезекті педагогикалық отырыстың қаралатын мәселелерінің бірі 2025-2026 оқу жылындағы оқу –тәрбие процесінің негізгі бағыттары мен міндеттері. Жылдық жоспар жобасын бекіту және мазмұнын шолу бойынша балабақша әдіскері: Г.С.Сарсенова сөзінде педагогтер мен балабақша тәрбиеленушілерінің жылдық тәрбиелеу мен оқыту бағытындағы жүргізілетін іс-шаралар мен ашық қаралымдар және де балабақшаішілік семинар, байқаулар жоспарымен таныстырып, мамандарды бекітті. Балабақшаішілік педагогтерді «Ұйымдастырушы» топ болып бекітілсе, оның ішінде «Іскерлік топ» мүшелері: Ж.А.Курманова, Ж.А.Жариева, Г.С.Сарсенова, К.Ш.Сарсенова, К.К.Нугманова, С.А.Имангазина, Р.К.Примбетова, С.У.Айтжанова, А.Т.Абдыкова, Г.Б.Тамбаева, А.М.Абилгазина, Н.Ж.Боранбаева, И.В.Григуль аталған педагогтер бекітілсе;

«Болашақ» тәлімгерлер тобы: М.А.Байбулова, А.Т.Аябергенова, З.Ж.Сүлейменова, Г.К.Кудабаева, З.М.Жакеева, Р.Ж.Искакова, Г.И.Карашаева, Г.Ж.Кисекбаева болып бекітілсе; «Шығармашылық» топ мүшелері: Г.Д.Оразалы, Г.И.Мажарова, Ж.Б.Қазыбаева, М.Н.Оразова, Ш.Е.Егизбаева, И.М.Таухабаева, Р.Ж.Қорғанбаева, Ж.С.Орынбасарова болып бекітілсе;

«Жас мамандар» тобы мүшелері: Н.А.Карагулова, Н.Кинжибекова, Б.Артыкбаева, Ж.Б.Кульманова, Р.Айжарыкова болып бекітілді.

2025-2026 оқу жылында аттестациядан өтуге жоспарланған педагогтер тізімі: Курманова Ж.А. – II санаттағы басшы, педагог – модератор: Сарсенова Г.С., Кисекбаева Г.Ж., Таухабаева И.М., педагог – сарапшы: Аябергенова А.Т., Карашаева Г.И., Тамбаева Г.Б., Айтжанова С.У., Сарсенова К.Ш., педагог – зерттеуші: Имангазина С.А., Боранбаева Н.Ж.

Кезекті педагогикалық кеңес отырысының мәселелерінің бірі балалардың бастапқы даму деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша балабақша әдіскері:Ж.А.Жариева мониторингтің жүргізілу бағыты мен ерекшеліктерін атап, әр баланы өз деңгейінде бағалау және алдағу уақытта төмен бал құраған балалармен жеке жұмысты жоспарлау ұсынды.

Кезекті педагогикалық кеңес отырысының мәселелерінің бірі балабақшаның аттестаттау комиссиясының, ұйымдастырушы топ мүшелерін бекіту бойынша ұйымдастырушы топ мүшелерін ұсынылды. Аттестаттау және «Ұстаз платформасының» жүргізілуі мен жаңа жетістіктерге жету бағытында түсіндірме жұмыстары ұсынылды. Жаңа оқу жылындағы санатқа үміткер педагогтер өз өтініштерін білдіріп, ұстаз платформасының талаптарына сай жұмыстану ұсынылды.

Педагогикалық кеңес отырысының мәселелерінің бірі жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы бойынша жазғы сауықтыру шараларының жүргізілу барысы сауықтыру – шынықтыру жұмыстарының «Алақай, жаз келді!» жоспарлы жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы бойынша, балабақшаішілік сауықтыру іс- шаралары өз деңгейінде ұйымдастырылып, балабақша медбикесінің бақылауында сауықтыру, гигиеналық шаралары бақыланып, жазғы тәтті дәруменді тағамдары қадағаланып отырылды. Балабақша әкімшілігінің бақылауымен балаларды жазғы сауықтыру кезеңіндегі өмір қауіпсіздіктері қатаң бақыланды. Ата-аналар мен балаларға психологиялық-педагогикалық кеңестер беріп әрі консультативті пункттері жұмыстары жалғастырылды. Қорыта келе, балабақша өз деңгейінде жұмыстары жүргізіліп, балалардың танымдық дағдылары бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілді. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі бойынша «қанағаттанарлық» бағытта атқарылды.

№ 1 Педагогикалық кеңесінің шешімі

1. Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру «қанағаттанарлық» деп танылсын, педагогтер жұмыстансын.

Мерзімі-қыркүйек айы
Жауапты-педагогтар
Бақылаушы-әдіскер

2. Жылдық жоспар мазмұны «қанағаттанарлық» деп танылсын, оқу – тәрбие процесінің міндеттерін негізге ала отырып, жұмыс жүйелі әрі түрлі бағытта жүргізілсін.

Мерзімі-үнемі
Жауапты-педагогтар
Бақылаушы-әдіскер

3. Балалардың бастапқы даму деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмысты ұйымдастыру «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Мерзімі-қыркүйек айы
Жауапты-педагогтар
Бақылаушы-әдіскер

4. Аттеататтау комиссиясының құрамы және жоспары «Ұйымдастырушы» тобының мүшелері бекітілсін.

Мерзімі-үнемі
Жауапты-педагогтар
Бақылаушы-әдіскер

5. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Мерзімі-үнемі
Бақылаушы-әдіскер

«Күншуақ» бөбекжай –бақшасы»
МКҚК менгерушісі:

Хатшы:



Ж.А.Курманова

И.М.Таухабаева



















